

## СТУДЕНТТЕРДІҢ ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫНА БЕЙІМДЕЛУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК - ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Шаймардан Гүлшат Жорабекқызы

[gulshat-9697@mail.ru](mailto:gulshat-9697@mail.ru)

2-курс магистранты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан,  
Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Б.С.Байменова

Студенттердің білім алуындағы мақсаттарының ортақ болуы, еңбек ету, оқу, өмір сүру сипаттарының бірдей болуы, оқу орнындағы тіпті елдегі қоғамдық істерге араласуы – студенттік топтың ұйымшылдық, достық көрсеткішінің жоғары деңгейіне алып келеді. Студенттер әр түрлі топтардың өкілдерімен танысудың мүмкінділігіне ие болады.

*Студенттік кезең* адамның өзін-өзі тұлға ретінде қалыптастырудағы үлкен жұмыс істеуімен орындалады. Студенттің өзіндік "менің сыртқы көрінісімен" басталып, мінезін анықтайды.[1]

Студентті тәрбиелеу мәселесі міндетті түрде студенттің өзін-өзі тәрбиелеу процесімен үйлесу керек. Студенттік жас тұлғаның физикалық жетілуінің уақыты, достық пен махаббат мәселесі ақырында өз жанұясының құрылуымен шешіледі. Есте сақтау қабілеті өте жоғары болады. Зейіннің тұрақтылығы 22 жаста күшейіп, 34 жаста шегіне жетеді. 18-20 жаста зейін салу деңгейі артады.

Ортаға бейімделу – бұл қоршаған ортаның ауыспалы жағдайына қарамастан организмнің өмір сүруіне мүмкіндік беретін динамикалық процесс.[2] Нақты осы ортаға бейімделу процесі организмнің үнемі ауыспалы ортада өмір сүруіне мүмкіндік беріп келген ұзақ эволюциялық дамудың негізінде қалыптасқан процесс.

Осы ортаға бейімделу процесінің негізінде гемостаздың сақалуына қол жеткізіледі. Бұл байланыстың нәтижесінде ортаға бейімделу процесі организмнің қызмет етуін ғана сақтап қоймайды, сонымен қатар «органім – орта» жүйесінің теңдігін сақтап қалады. Ортаға бейімделу процесі «органім – орта» жүйесінде елеулі өзгерістер болған сайын үнемі өзін - өзі жүзеге асырып отырады. «Органім - орта» жүйесінде елеулі өзгерістер болған жағдайда ортаға бейімделу процесі организмді жақсы физиологиялық қызмет атқаруға және іс - әрекеттік жауап қайтаруға мүмкіндік беретін жаңа гемостатикалық күйге алап келеді. Организ мен орта қаншалықты статистикалық емес динамикалық күйде тұрса олардың ара – қатынасы үнемі өзгерісте болады, сонымен қатар ортаға бейімделу процесі үнемі жүріп отырады.

Жоғары айтылғандар кез – келген организмге оның ішінде жануарлар мен қатар адамдарға да тән процесс. Адамның мұндағы бар ерекшелігі «индивид - орта» жүйесіндегі оның адекватты қатынасы, мұнда психикалық ортаға бейімделу процесінің орыны ерекше.

Психофизиологиялық процесс өз құрамына психикалық бейімделу процесін қосқан толық процесс. Бұл процесс өзіне мына екі аспектіні біріктіреді:

А – индивидтің қоршаған ортамен қатынасын жетілдіріп отыру.

Б – психикалық және физиологиялық ерекшеліктердің ара қатынасындағы адекватты сәйкестілікті қалыптастыру.[3]

Қоршаған ортаға бейімделу - бұл процесс организмнің өзін-өзі жүзеге асыруының барысында олардың қызмет етуінің ең жоғары дәреже де ұстап тұруына мүмкіндік береді. I курста студенттердің оқуға, келешек мамандығына, «өзін-өзі» табуға деген белсенді қатынасы қалыптасады. Жоғары оқу орнында студенттер қатар екі бейімделу процесін өткізеді: оқу процесі мен әлеуметтік-психологиялық процесі.[4] Оқу процесінің шарттарына, ұйымдастырылуына, құрамы мен сипатына үйрену. Академиялық топқа, ішінаралық қарым-қатынасқа жеке өзіндік стильді және жолдастармен қарым-қатынасты қалыптастыру деген сөз. I курс студенттерінің оқу өміріне деген дайындығы әртүрлі болады. Көп студенттер өз бетінше жұмыс жасау саласында қиындықтар шегеді. Лекцияларды конспектілей алмау, берілген фактіні өз көз-қарастарының тұрғысынан түсінбеу. Осы жерде тәлімгер рөлінің маңыздылығы айқын көрінеді. Тәлімгер топты, ұжымды «жасау» керек, студенттердің өзбетінше жұмыс істеуі деген жаңаша әдістерді үйрету, студенттердің оқу жұмысын бақылауы керек. Бірінші курс студенттердің бейімделуі II оқу жарты жылдығының соңы мен III оқу жарты жылдығының басында аяқталады. Жалпы студенттердің оқу барысындағы бейімделуін психологтар былай сипаттайды: 1-ші курста 3 бейімделу процесі жүреді. 2-ші курстан 3-ші курсқа қарағанда оқу жұмысының «қайнауы». 3-ші курста мамандану процесімен байланысты ғылыми жұмысқа деген қызығушылықтың тереңдеуі, түрлі қызығушылықтардың азаюы, кемуі. 4-ші курста өз мамандығымен оқу өндірістік іс - тәжірибеде тәжірибе жүзінде танысуы. Студенттер көптеген өмірлік құндылықтарды қайта қарастырады. Әрі рухани, мәдени қарым-қатынасы өзгереді.

Жоғары оқу орнында білім алудың алғашқы кезеңдерінде студент оқу - тәрбие процесінің объектісі ретінде көбірек әрекет етеді. Бой үйрету барысында ол жаңа шарттар мен міндеттерді игеруі шарт. Іздемпаздық жұмыс көлемі мен мәнінің артуы, жаңарту сипатындағы оқу танымдық қызметтен оның жемісті түрлеріне көшу, ынта ықыластың пайда болуы және оқу зерттеу қызметіне қатысу студенттің оқу-тәрбие процесінің субъектісі екендігінің айғағы.

Әрбір студенттің жоғары оқу орынына бейімделуі әрқалай жүреді. Мысалыға келтірер болсақ жұмыс өтілі бар жас азаматтар мен азаматшалар жоғары оқу орынындағы оқу процесіне жылдам бейімделсе, мектепті жаңа бітірген студенттердің бұл жадайға бейімделуі баяу жүреді. Жалпы студент қауымының алдында тұрған негізгі міндет оқу процесіне қатысушыларды іс - әрекеттің жаңа түріне бейімдеп өзара тиімді және нәтижелі іс - әрекетке қол жеткізу.

Студенттік жас – бұл физикалық және психологиялық дамудың алдыңғы кезеңдерінің негізінде қалыптасатын жаңа тұлғалық білім алу мен жоғары жетістіктер мен нәтижелерге жету кезеңі. Бұл уақытта өзіндік бірегейлікті сезіну жүреді, рефлексивті қызметтің базалық негіздері, құндылықтық бағдарлардың дүниетанымы, өмірлік жоспарлары қалыптасады. Осы үдерістердің барлығы жас адамның кәсіби өзін-өзі анықтауға және перспективалық өзін-өзі дамыту желілерін құруға дайындығын қамтамасыз етеді.

Алайда, ЖОО - да оқудың бастапқы кезеңінде кешегі талапкерлер білім беру процесінің тиімділігін төмендететін кедергі жасайтын бірқатар әлеуметтік проблемаларға тап болады. Тиісінше, еліміздің көптеген жоғары оқу орындарында педагогтар студентке қоғамдық қатынастар нормаларын және жаңа өмір сүру ортасындағы әлеуметтік мінез-құлық механизмдерін тиімді меңгеруге көмектесетін әлеуметтік-педагогикалық іс-шаралар кешенін әзірлеп, енгізеді. А. В. Пономарева жоғарыда аталған көріністерді "әлеуметтік - педагогикалық бейімдеу" ұғымымен теңестіреді.

А.В.Сычев "әлеуметтік-педагогикалық бейімделуді" студенттердің тәрбиелік, оқу және денсаулық қалыптастырушы қызметінің жоғары тиімділігін қамтамасыз ететін тұтас процесс ретінде қарастырады. Оның ойынша, әлеуметтік педагогикалық бейімделудің әдіснамалық негізі ретінде : жүйелік , қызметтік және тұлғалық тәсілдерді қарастырады .

Ал, С. М. Петропавловская әлеуметтік-педагогикалық бейімделу – бұл "ЖОО - ның әлеуметтік және білім беру ортасына белсенді қосылуға ықпал ететін жеке мүмкіндіктер мен қажеттіліктерді жүзеге асыру арқылы студенттердің әлеуметтік тәжірибелерді

интериоризациялаудың психологиялық-педагогикалық процесі" деген ұғымды біршама кеңейтеді. А. В. Сычев пен С. М. Петропавловскаяның жұмыстарының салыстырмалы талдауы ЖОО-ның білім беру ортасы студенттердің жаңа әлеуметтік-мәдени ортаға бейімделуінің базалық компоненті болып табылады.

Ю. В. Жегульская да жоғары оқу орнының әлеуметтік-мәдени ортасын базалық бейімделу және бейімделетін фактор ретінде қарастырады.

Жоғары оқу орнының білім беру ортасын құзыреттілік көзқарас призмасы арқылы қарастыра отырып, оны мақсатты жүзеге асыру студенттерде бірқатар жалпы мәдени құзыреттіліктерді қалыптастыру үшін қолайлы жағдай туғызатынын, тұлғаны адамгершілік және рухани қасиеттерді дамытуға бағыттап, олардың негізгі қалауын, құндылықтық бағдарларын және мінез-құлық дәстүрлерін айқындай отырып ескеру қажет.

Ю. В. Жегульскаяның пікірінше, жалпы мәдени құзыреттіліктерді қалыптастырудағы маңызды әлеуетке оқудан тыс қызмет (спорттық және көркем клубтар, әдеби кештер, өнімді жинауға бірлескен шығу және т.б.) ие, ол студенттің бірлескен іс - әрекетінің педагогикалық кеңістігін айтарлықтай кеңейтеді және белсенді жұмыс істейтін "студенттік топ" әлеуметтік қауымдастықты қалыптастыруға алғышарттар жасайды.

Оқу топтары мен өзін-өзі қалыптастырған шағын ұжымдардың шеңберінде келесі үдерістер орын алады: кооперация, бәсекелестік, жанжал, ассимиляция, жеке және топтық шекараларды орнату, байланыстарды орнату және т.б.

Ж. Л. Данилова осындай шағын жұмыс істейтін топтардың құрылымын үш қабатты функционалдық формалар түрінде ұсынады:

Бірінші - "сыртқы қабат", тұлғааралық эмоционалдық қарым-қатынастар.

Екінші қабат - "құндылықты-бағдарлы", онда қарым-қатынас әлеуметтік-мәдени құндылықтарға бағдарланумен бірлескен іс-әрекетке негізделген.

Үшінші қабат - "топтық құрылымның ядросы" идеяларды генерациялайды және жас адамды бірлескен қызметке тарту үшін алғышарттар жасайды, сонымен қатар белсенділіктің себептері жалпы құндылықтарды қабылдауға негізделеді.

Кез келген әлеуметтік топ, соның ішінде студенттік топ қазіргі қоғамның барлық проблемаларымен, қиындықтарымен және қайшылықтарымен бетпе-бет келетін ашық динамикалық жүйе болып табылатынын атап өткен жөн, бұл бүкіл құрылымның және оның әрбір субъектісінің жеке сақталуын және функционалдық белсенділігін қамтамасыз ететін бейімделу тетіктерін құру қажеттілігін көрсетеді.

Алайда, мұндай құрылым әлеуметтік дамудың белгілі бір кезеңдерінен өткен және оған тән жоғарыда танылған деңгейлік компоненттер қалыптасқан топқа тән. Тиісінше, мұндай ұжымның қызметі жоғары эффективті. Оған топтық автономизация мен тұтастықтың жоғары деңгейі тән. Топ мүшелері үшін сенімді қарым-қатынас пен эмоциялық қарым-қатынас тән, бұл топтың ашықтығын қамтамасыз етеді, сол арқылы басқа ұжымдармен қарым-қатынастардың дамуына ықпал етеді.

Мұндай топтық жүйе тартымды және ынтымақтастыққа, тіпті топтық жанжал жағдайында да шынайы сезімдердің көрінуіне ықпал етеді, ол белгілі болғандай, ұжым дамуының топтық динамикасы процесінің ажырамас бөлігі болып табылады. Жанжал жағдайында индивидке өз тілегі мен өмірлік ұстанымдарын ұжымның құндылықтық - қажеттіліктік жоспарларымен өлшеуге, яғни пайда болған ішкі қайшылықтармен татуласуға мәжбүр болады. Дәл осындай жағдайлар студенттің әлеуметтік - бейімделу ортасын қалыптастыру және дамыту үшін қолайлы жағдайларды қамтамасыз етеді.

Л. Данилова ұсынған деректері бойынша, ұжым қызметінің табыстылығы мен тиімділігі көбінесе оның психологиялық ахуалымен анықталады. Осы психологиялық климатқа көп жағдайда мақсатқа жетудегі топ мүшесінің тиімділік дәрежесі байланысты. Мұндай жағдайда әрбір жеке тұлға қоғамдастық мүшесі болып табылады. Ал оның санасында топтық мақсаттар, құндылықтар мен этикалық нормалар басым (біз – тұжырымдама, біз – біртұтас, біз – тиімді). Мұның бәрі мінез-құлықтық топтық

бірегейлікті қалыптастыруға ықпал етеді ( қолдау , көмек, жәрдемдесу , қатысу, эмпатия), яғни ұжым қандай да бір шешім қабылдауда өзінің ерекше мінез-құлқына ие .

Сонымен қатар, мұндай ұжымға салауатты психологиялық климат тән, ал топтық тұтастық студенттің өз білімін , өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі танытуға деген жоғары уәждемесі үшін қажетті бейімделу ортасын құрады.

А. В. Пономарев және Е. В. Осипчукова өз жұмыстарының бірінде топтың әлеуметтік - бейімделу ортасы студент алдында өзінің өзін-өзі сәйкестендірумен, кәсіби өзін-өзі анықтаумен, жеке тұлғалық өзін-өзі дамытумен байланысты бірқатар міндеттерді ашып көрсетеді. Осы шарттар студентке әлеуметтік өзара әрекеттестіктің , басқарушылық Біліктіліктің, әлеуметтік жетілудегі жеке жетістіктердің және өмірлік бағдарлардың мақсатты болжайтын алғашқы тәжірибесін алуға мүмкіндік береді. Студенттік топтың ұйымшылдық деңгейін арттыру барысында студенттердің өздерінің бірлескен іс-әрекеттері маңызды рөл атқарады, бұл оқу және оқу белсенділігінен тыс жоғары деңгейде байланыс жасауды қамтамасыз етеді.

Тиісінше, қысқа мерзімде оқу қызметіне мағыналық және білім беру бағдарларын қалыптастыру үшін қажетті қолайлы психологиялық климаты бар студенттік топтың бірігуін қамтамасыз ететін әлеуметтік - бейімделу ортасын құруға қабілетті технологияны сынақтан өткізу міндетін қойып және оны сәтті аяқтаған зерттеуге талдау жасауды жөн көрдік.

Көптеген педагогтардың пікірінше, жас адамның ЖОО-на түсу кезеңінде оның психикасына стрессогендік факторлардың тұтас кешені әсер етеді. Бұл ҰБТ тапсыру, беймәлім ұжым, тұрғылықты жерін ауыстыру, таңдаумен байланысты ішкі қайшылықтар бір жағынан , индивидтің тіршілік әрекетінің жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайларына кіруін тежей отырып, ал екінші жағынан, оның жеке басын төмендете отырып бейімделу ресурстары.

Социализм кезінде бейімделу технологиясы ретінде студенттердің колхозға картопты жинауға бірлескен сапары болды. Бір ай ішінде студенттердің көпшілігінің жеке қасиеттері мен құндылықтық бағдарлары көрініс тапты, топтар құрылды, тұлғааралық және жалпы топтық мүдделер қалыптасты. Осының барлығы "бұрынғы талапкерлердің" ЖОО-ның жаңа әлеуметтік-білім беру шарттарына енуіне аса ауыр болмады.

Әлеуметтік-педагогикалық бейімделуді түсінуге қызықты көзқарасты С.И. Розумнан зерттеулерінен де таптық. Автор әлеуметтік бейімделу процесін талдай отырып, белгілер, нормалар мен құндылықтар сияқты субъектілік қатынастар құралдарын тереңірек қарастырады. Біздің ойымызша, бұл мәселенің шешімін А. А. Реан зерттеулерінен де байқауға болады, ол әлеуметтік бейімделу құрылымын сыртқы және ішкі деп екі критерийде қарастырады. Яғни, жеке тұлғаның қоғамға бейімделу ерекшеліктері, әлеуметтік-педагогикалық бейімделуге қатысты құрылымды заңды түрде анықтайды. Әлеуметтік бейімделудің векторлық моделі төменгі суретте бейнеленген.



Сурет 2. Әлеуметтік бейімделудің векторлық моделі (А. А. Реану бойынша)

Суретте көрсетілгендей, автор іm-ішкі немесе сыртқы критерий бойынша бейімделу (Im – Imaginary – жалған) ұғымын енгізеді. Бұл жерде ескеретін жағдай, А.А.Реан әлеуметтік бейімделуді қарастырады, әлеуметтік-педагогикалық бейімделумен байланыстыра қарастыруымыздың себебі, себебі ол сыртқы және ішкі критерийлерді қамтиды. *Ішкі критерий* психоэмоционалдық тұрақтылықпен, жеке жайлылықпен, қанағаттану жағдайымен, дистресстің болмауымен байланысты. *Сыртқы критерий* жеке тұлғаның нақты мінез-құлқының қоғам қондырғыларына, социумда қабылданған орта талаптарына және нормативтік мінез-құлық өлшемдеріне сәйкестігін көрсетеді, яғни сыртқы берілген мінез-құлық үлгілері ретіндегі нормаларды қамтиды. Сыртқы және ішкі өлшемдердің арақатынасына сүйене отырып, әлеуметтік-педагогикалық бейімделудің әр түрлі нысандары бөлінеді. Бұл ретте бір мезгілде тұлғаның "ішкі үйлесімі", яғни ішкі критерий бойынша бейімделуі орын алуы мүмкін. Жүйелі әлеуметтік бейімделу (Re-бейімдеу) ішкі және сыртқы өлшемдер бойынша бейімделу болып табылады; бұл жаңа жүйелі білімнің пайда болуы – тұлғаның өзін-өзі белсендіруге қабілеті, нақты социуммен үйлесімі сияқты көріністерді қамтиды.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Бекманова А.Б. Педагогические условия профессионального самовоспитания студентов педвузов. Автореф. дисс. канд. пед. наук. – Шымкент, 1997. – 22 б.
2. Балл, Г. А. Понятие адаптации и его значение для психологии личности // Вопросы психологии – 1989. – 12 б.
3. Маклаков, А. Г. Личностный адаптационный потенциал: его мобилизация и прогнозирование в экстремальных условиях // Психологический журнал – 2001, - 271 б.
4. Thomson Reuters. Журнал. Oxidation. Communications.-. Sofia, Bulgaria, 2015.- Vol. 38 № 2.- P. 852-860. 0.5 П.Л. Джаналеева.